Әзбергенұлы Сәрінжіптің туғанына - 155 ЖЫЛ

Сәрінжіп ақын хақында бірер сыр

Ел тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен бері еліміздің өсіп өркендеуі жолында өлшеусіз улес қосқан ерлердің, от ауызды, орақ тілді ақындардың есімдерін жаңғыртып, халыққа кеңінен таныстырылуда. Бұған сонымен қатар, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «...Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы төтеп бере аламыз ...» деген болатын. Сондай құндылықтарымыздың бірі - өрнекті өлеңімен сөз кестесін төгілдіріп, өз заманында кеңінен танылған Сәрінжіп ақын.

Елдің елдігін ойлап, осы жолда тыным таппаған ақынның Тағылы тауының ішіндегі Қаражартастағы мазары қалпына келтіріліп, күмбез орнатылды, рухына құран бағышталып, ас берілмекші.

Газетіміздің 1992 жылғы 1 ақпанындағы санында журналист, марқұм Халел Дөулетбекұлының «Сәрінжіп ақын хақында бірер сыр» атты мақаласы жарияланған болатын. Ақынның мерейтойы қарсаңында өршіл ақын жайындағы осынау мақаланы еш өзгеріссіз оқырман қауымға қайыра ұсынғанды жөн көрдік.

Уақыт бәрін де өз орнына қояды. Уақыт бәріне де өзінің әділ бағасын береді. Өкінішке орай ұзақ уақыт бойы «елім, жұртым» деп еңіреген талай асыл азаматтар туралы ақиқат әңгімелерді айта алмай қорғаншақтап келдік. Жариялылық желі тоқырау заманының тоң болып қатып қалған сіреспе ойлау жүйесі мен қағидаларын ғана сындырып қоймай, жылдап көмулі жатқан ақтандақтарын да лықсытып, айдың бетіне алып шықты. Қилы замандарда кешкен қиын тағдырлары сарапқа салынып, талай аяулы азаматтарымыздың есімі өз орындарына қойылуда. Бүгінде біз бұған шүкіршілік етеміз. Дей тұрғанымен тәуелсіздік алған іргелі елдің ұрпағы күні кеше тек қана өнер саласында ғана емес, елдің елдігін ойлап, талай тар жол тайғақ кешуді басынан өткерген аяулы азаматтарымыздың өткен өмір жолын зерттеп, ұрпаққа жеткізу қамында ойластырғаны абзал. Бұл бүгінгі көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың басты парызы, әрі міндеті екенін естен шығармауымыз керек.

Аудандық «Заман» газетінің бетінде Шет өңірінде XIX-XX ғасырларда өмір сүрген ақындардың тізімі жарияланған болатын. Солардың бірі өлеңнен сөз кестесін төгілдірген Сәрінжіп ақын туралы азды-көпті деректерді дайындап, оқырмандарды таныстыруды мақсат еттім.

Редакция тапсырмасын алғаннан кейін, ақын жайлы деректер білетін адамдарды іздестіруден бастадым алғашқы жұмысымды. Иә, қазіргі шақта көкірегі күй сандыққа толы көне көз қарттардың қатары сиреп бара жатқаны көңілге қобалжу әкелгені де рас. Ұлы Абай айтқандай аяулы азаматтардың асыл мұрасын зерттеуде «қолымызды мезгілінен кеш сермегендей» жайымыз бар. Дегенмен істің сәті түсіп, Ақсу-Аюлы ауылының байырғы тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері Исатай Омаров ақсақалмен әңгімелесудің орайы келді. Ақынның өміріне байланысты қойылған алғашқы сұрағымызға Исекең былай деп сыр шерткен болатын:

- Сәрінжіп Әзбергенұлы бұрынғы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Тағылы ауыл Кеңесіне қарасты «Жастерек» колхозын ұйымдастырушылардың бірі болған аяулы азамат еді. Қазақ хал-қы өз басынан небір ауыртпашылықтарды кешірген, оған қайыспай төзе білген халық. Басқа түскен небір зұлмат, зобалаңның салдарынан жан-жаққа бас сауғалап босып кеткен халықтың туған елге қайта оралуына орасан зор еңбек сіңіре білгендердің бірі де осы Сәрінжіп ақын. Қазан төңкерісінен кейінгі «ақ қашып, қызыл қуған» аласапыран заманда Кәрсөн, Керней елінің біразы оңтүстіктегі Шу, Жамбыл бойына қоныс аударуға мәжбүр болды. Кір жуып, кіндік кескен туған жерді қимай, артына қарайлап бара жатқан ел атынан Сәрінжіп ақын «Қоштасу» атты өлеңін толғаған екен дейді. (Біз әзірше ақынның бұл өлеңінен қысқаша ғана үзінді келтіріп отырмыз.

Қолыма біссіміллә деп алдым қалам.
Бере гөр өзің медет хақ тағалам.
Көргенше қайта айналып кім бар,
кім жоқ,
Кетейін амандасып Арқа саған.
Кәрсөннің қалды-ау кейін жайлаулары.
Балауса шөбі шүйгін суы дәрі.
Қозылар қызғалдақты қызыға жеп,
Жабысқан бүлдіргенге балалары.
Арқаның тауы биік, сайы аласа,
Ағады өзендері тайталаса.
Көккасқа таудан аққан бұлақтары,
Сылдырлап ыңырсиды жас балаша.
Сарыарқа қалғаның ба қайран мекен,
Көре алмай біржолата кетер ме екем.
Үшқойтас, Сарыоба мен Мұқыр өзен,
Сендері қайта айналып көрер ме екем,-

деп туған жерге деген махаббатын, ыстық сезімін осылайша толғап жеткізеді,- деп Исекең ақын жайлы өзі білетін дерегін осылайша баяндады. Жалпы Сәрінжіп ақынның қазіргі қолда бар бір өлеңі көлемді болғанымен толық қалпында бізге жетпей отырған сияқты. Өйткені ақын өлеңі ел аузында сақталған, сондықтан өлі де болса көп іздестіру жұмысын қажет етеді.

- «Осы өлеңнің негізгі түйінін 1990 жылы Қаражартаста тұратын Жәһила Аманбекқызынан жазып алған едім», - дейді Кәмел Жүністегі. Енді соған назар салсақ, қадірлі оқырман.

Арқада кейін қалдың кер бетеге,
Бұл жақта бала туып, ер жете ме.
Төрт бұрышын төңіректі орыс алып,
Дариға-ай, мекенінен ел кете ме!
Беліме буынғаным темір белдік,
Дариға бұл күндерге қалай келдік,
Дәм қылған шөптің басын елді көрдік,-

деген екен.

Жалпы ел аузында Сәрінжіптің кезінде әр бағытқа байланысты айтқан өлеңдері жайлы қызықты әңгімелер бар. Соның бірі Исатай Омаров ақсақалдың естіген мына бір әңгімесіне зер салып көрелік.

1932 жылдары ашыққан халыққа Сәрінжіп ақын мүмкіндігі бар кісілерді жинап, Балқаштан балық тасуды ұйымдастырған. Өртке қанатымен су сепкендей ақынның бұл ісі дүйім жұртты сақтап қала алмаса да, сол кезде халықтың қамын жемек түгілі олардың малын сыпырып алып, белсенділер мәз болып жүргенде, ақынның бұл ісінің шырылдаған жанның көз жасы мен тері екенін ел ұмыта қоймас. Ақынның халық басына түскен 32 жылғы нәубет туралы өлеңдері өкінішке орай қолға түспей отыр.

1931 жылы Найзакескенде топтап кісі атқанда соңынан іздеп барған Сәрінжіптің айтқан мына бір жоқтауынан ақынның нағыз «елім» деп еңіреген ер екенін анық көреміз.

Көрмейін деп едім,
Шыққыр көзім не көрдің?
Қайран қазақ баласы,
Ажалыңнан өлмедің.
Біреуге себеп болар ма ем,
Ерте неге келмедім.
Осынша қазақ баласын,
Бір оқпенен атад деп,
Айтқандарға сенбедім.

- «Бұл жоқтауды кезінде Көпжан ақсақалдан алған едік» дейді Кәмел Жүністегі.

Сәрінжіптің айтыс ақыны екенін айғақтай түскен ел арасында мынадай да бір әңгіме бар. Оңтүстікке қарай көшіп кеткен елдің қайыра ата мекеніне көшіріп әкелуді мақсат еткен Сәрінжіп ақын, Боранқұл батыр, ел ақсақалдары Мұқаш, Жұмақас, Үсен және тағы басқалары Шу бойына барып, Үйсіннің атақты ақыны Мәдінің үйіне түседі. Әңгіме барысында Мәдіхан қонақтарға арнап екі-үш шумақ өлең айтқан екен:

Арқадан Арғын ауып шөлге келген,
Жас қызын жұдырықтай ұстап берген.
Союлы ет, май, қымызын ішіп жатпай,
Бұл Шуға Арғын қаңғып неге келген?
Арғынды десе болар шошқамен тең,
Тарының піскен кезін аңдып жүрген, -

дейді. Сонда манадан бері Мәдіханды үнсіз тыңдап отырған Сәрінжіп іле былай деп жауап қайтарған екен:

Біз-дағы сөз айталық Мәдіханға,
Сөзіңе сөз қайтарса көңіл алма.
Атаңыз мойынағаш егіз алған,
Енші алып Арғын, Үйсін айырылғанда.
Бар екен үшеуінде үш-ақ қара,
Үшеуі үшеуіне тиген дара.
Таңдауын екі інісі бермеген соң,
Өкпелеп Шуда қалған ол бейшара.
Кіші жүз төмен кетті түйені алып,
Орта жүз келді Арқаға биені алып.
Атаңыз мойынағаш егіз алып,
Өкпелеп Шуда қалды егін салып.
Тал түсте күн көрініп, таңдар атқан,
Мезгілсіз көлеңкемен күні батқан.
Адамың арық қазып, ағаш кесіп,
Дүлейде кеңкелес боп миың қатқан.
Кебеже құр оңқиған сиырға артқан,
Бір көже - бір көжеге қатық қатқан.
Мінгесіп қыз-бозбалаң тайыншаға,
Тап сендей қу ел бар ма тәңір атқан?!
Арғынның шуға көшіп келгені көп,
Сен сатпай басқа астық бергенің жоқ,
Қарны ашса, қымыз ішіп, етін жейді. -

деген екен. Жанды жерге тиген ауыр сөз Мәдіханның ашу-ызасын келтірсе керек. Ол дереу ауыл жігіттерін шақырып, бұларды дүреге жығуды ойлайды. Мәдіхан жігіттері ақынның жанындағы Боранқұл батырды танып қалып, қол көтермек түгіл батырдан кешірім сұрап, ат шапан айыбын тартады. Содан ақын бастаған ел азаматтары ол жақтағы елді қайта көшіріп әкеледі. Ақын елді тұрақтандыруға, Кеңес жұмысына белсене араласқан адам. №14-ші ауылда ауылдық Кеңес төрағасының орынбасары болған. Тағылы тауының терістік жағында Қаражартас деген жерде ең бірінші рет «Жас терек» атты Мойынсерік колхозын ұйымдастырады. Бұл жұмысқа Бексұлтан Қалмағанбетов, Төлеубек Құлатаев, Сары Кенебаев, , Шөмек Байғаскин, тағы басқалары белсене араласады. Кейін «Жастерек» колхозы болып, Қарақұдық деген жерге колхоз орталығы орналасады.

Ақын 73 жасқа қараған шағында 1935 жылы наурыз айында Мойынсеріктің алғашқы ұйымдасқан жері - Қаражартаста мәңгілікке көз жұмады.

Міне, біздің ақын жайлы білетін алғашқы деректеріміз осындай. Бірақ ақынның артында қалған асыл мұрасын зерттеу, жинақтау жұмысы мұнымен шектелмек емес.

Халел ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ,
"ЗАМАН" газеті 1992 жылдың 1-ші ақпаны.